

Мавзолей Бабаджи Хатун

Мавзолей Бабаджа Хатун (X–XI вв.). Строительство этого памятника степного зодчества связано с легендами о возведении мавзолея для Айша биби. По легенде, после гибели Айши биби ее няня Бабаджа хатун становится его смотрителем, а после смерти ее хоронят в двадцати шагах от мавзолея девушки. Для преданной женщины построили специальный мавзолей и назвали ее именем – мавзолей Бабаджи хатун. Эти два строения являются величественными памятниками и святым местом для мусульман, которые совершают хадж.

Список литературы:

1. История Казахстана: народы и культур: Учеб. пособие / Масанов Н. Э. и др. – Алматы: Дайк – Пресс, 2001 – 600 стр.
2. <https://www.zakon.kz/4922826-10-sakralnyh-mest-kazahstana.html>
3. <https://toppress.kz/article/10-sakralnih-mest-kazahstana-obyazatelnih-k-posesh-eniyu>
4. <https://www.rii.kz/ru/сакральные-объекты-казахстана/>
5. https://forbes.kz//process/science/sakralnaya_geografiya_kazahstana_itogi_i_perspektivyi/
6. Энциклопедия: «Сакральный Казахстан».

Қазақ киелі жерлері – ұлт руханиятының негізі

Қолдасова Г.О, Жусупова Т.Г.

Ғылыми жетекшісі: г.ғ.м., аға оқытушы Тулегенова А.Ж.

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында қазақстандықтардың рухани жаңғыруын жүзеге асырудың бірнеше бағытын анықтап берген болатын. Бұған ол бірқатар жобаларды жүзеге асыру арқылы қол жеткізуді ұсынды. Солардың бірі «Қазақстанның киелі жерлері» немесе «Қазақстанның киелі географиясы» деп аталды.

Қазақстан жері тарихи және мәдени ескерткіштерге бай. Кесенелер, тарихи орындар, елді мекендер әлі күнге өткен дәуірдің құпияларын жасырып жатыр. Мұндай киелі жерлерді көру сол кездердің куәгерлерін кездестірумен және оқиғаларын көрумен бірдей болған болар еді. «Қазақстанның киелі жерлері» – тарих пен мәдениетке, адамның рухани дамуына және оның туған жеріне деген байланысына негізделе отырып, адам мен оның өміріне бағытталған. Кейбір тұлғаларды мәңгі еске сақтауда ұлтты мәдени байыту мен мінәжат етуге арналған орындар түріндегі ұлы ата-баба ерліктерін осындай бағдарға жатқызуға болады. Мұндай орындарды білуіміз көптеген нәрсені үйретіп, олардан қажетті өмірлік қуат алуға мүмкіндік береді. Осыған байланысты, Киелі мекендерді жүйелеу мен жіктеу – адамның рухани баю мәселесін алға тартып қана қоймай, сонымен қатар мәдениетіміз бен салт-дәстүрімізді, бай тарихымыздың құндылықтарын көрсете аламыз. Иә, «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» үлкеннің де, кішінің де рухани дамуына зор үлес қоспақ. Халық, оның ішінде жастар туған өлкесінің тарихымен етене танысуына мүмкіндік алады.

Болашаққа бет түзеген халқымыздың Ұлы Даласы киелі жерлерге толы. Біз үшін Атырау – Арқа – Алатау – Алтай сияқты ұлан-асыр аймақты алып жатқан Қазақстанның әрбір сүйем жері қасиетті де киелі. Қоршаған ортамен үйлесімділікте өмір сүрген ата-бабаларымыз «кие» сөзіне ерекше мән беріп, кіндік қаны тамған туған жерінен бастап, тарихи жадында өшпес із қалдырған тарихи және саяси оқиғалармен байланысты орындарды киелі де қасиетті мекеніне балады. «Туған жер – тұғырың, туған ел – қыдырың», «Әркімнің өз жері – жұмақ», «Ел іші алтын бесік», «Туған жердің әр тасы біздің алтын тағымыз», - деп туып-өскен жері, өнген ортасын кие тұтып, оның қадір-қасиетін бағалай білді. Халқымыздың ұлттық санасының ерекшелігі де осында. Ендігі жасалатын негізгі әрекет, осы құнды

ерекшелікті жоғалтып алмай, өскелең ұрпақ бойына жалпыұлттық қасиетті орындар ұғымын сіңіру аса маңызды болып табылмақ.

Қазақстанның киелі жерлері ретінде ерекше бағаланатын табиғи және мәдени нысандар, зайырлы және діни сәулет ескерткіштері, халық арасынан шыққан көрнекті тұлғалардың кесенелері мен қорымдары, халықтың жадында елеулі із қалдырған тарихи-саяси оқиғаларға байланысты орындар танылады. Сонымен қатар тәуелсіз еліміздің әлеуметтік-саяси өмірінде ұлттық бірлік пен бірегейлік, жаңғыру нышаны ретінде маңызды орын алатын заманауи нысандар да кіреді [1].

Қазақстан жерінің ұлан-байтақ кеңістігінде бүгінгі күні 25 мыңнан астам тарихи-мәдени жәдігерлер бар. Олар Қазақстан халқымен оның мәдениетінің бастау көздері түпнегізін, сондай-ақ Қазақстан аумағында өзінің екінші отанын тапқан және өз мәдениетінің дүниеге екінші қайтара келуін бастан кешірген басқа халықтардың тағдырын айғақтайды. Біздер, қазақстандықтар, адамзаттың тарихи-мәдени құндылықтары жүйесінде өзімізге лайықты орынымызды иемденуге құқылы екенімізді көрсетеді. 25 мың жәдігердің 18,5 мыңы құжатталды. Ескерткіштердің 8 мыңының жергілікті, 205 жәдігердің республикалық мәні бар және мемлекеттің қорғауында. Ал, әлемдік мәні бар жәдігерлердің саны осы кезеңге дейін толық анықталған жоқ [2, 688 б.].

Қазақстанның 100 қасиетті орындары мен кешендерінің тізімінің қатарына енген киелі орындардың бірі – Қызылорда облысындағы Бегім ана мұнарасы. Ел аузында ұлы ойшыл, дін қайраткері Қарабура әулиенің қызы Бегім сұлу туралы деректер мен аңыз әңгімелер, хисса-дастандар көп. Қылқалам шеберлерінің туындылары да бір төбе. Аңызға сүйенсек, Бегім ана Жанкент әмірінің әйелі, нақақ жаланың құрбаны болған. Жанкент әмірі Санжар хан нөкерінің ғайбатына сеніп, күнәдан пәк Бегім сұлудың оң қолын шауып, оң бұрымын кесіп, оң танауын тіліп, жазықсыз жазалайды. Бегімнің әкесі атақты Қарабура әулие қанішер ханға «Қызым ақ болса шабылған қолы, кесілген бұрымы, тілінген танауы қалпына түседі», -дейді. Әділдік үстем шығып, Бегімнің дене мүшелері қалпына келеді. Қызының нақақ жәбір көргеніне назаланған әулие Санжар ханды қарғапты. Құдіреттің күшімен аспаннан іші ордалы жыланға толы мес түсіп, хан бағыныштыларымен бірге ажал құшыпты. Бегім сұлу аққұсқа айналып көкке ұшып кетіпті. Осы оқиғадан кейін әулиенің мұнарасына ер адамдар бармайды, бәлкі, Бегім ана оларды қабылдамайды-мыс [3].

Айта кетейік, адалдықтың символына айналған Бегім ананың мұнарасы Арал ауданындағы Жаңақұрылыс ауылынан оңтүстікке қарай 35 шақырым, Қазалы ауданындағы Бекарыстан би ауылынан 40 шақырым жерде орналасқан. Шамамен X-XII ғасырлардағы сәулет өнері. Мұнара шикі кірпіштен тұрғызылған, екі қатар күйдірілген кірпішпен қапталған. Биіктігі – 10,5 метр. Қазақстан жерінде мұндай мұнаралар көп кездеспейді. Ал Орта Азияда мүлде жоқ. Бірақ «Мұнаралы кесене» деген атаумен белгілі осынау ескерткіштер Иран, Түркия, Әзербайжанда кең тараған. Бұл жағдай осы елдерге Арал аймағынан түркі тайпаларының ығысып баруына байланысты болуы мүмкін деген болжам алдыңыздан шығады.

Қазақтың шежірелі тарихында көне Сарайшық қаласының алар орны бөлек. Өйткені сан ғасырлық көмбесі әлі толық ашыла қоймаған бұл қаланың кезінде үш мемлекеттің астанасы болғаны белгілі. Енді міне, жақында әуелі Алтын Орда мен Ноғай Ордасының, кейін Қазақ хандығының бас шаһары атанған. Сарайшық қамалы шамамен алғанда XVIII ғасырдың 40-жылдарының соңында қалашық қирандысының жанынан пайда болды. 1769 жылы қалашықта болған академик П. Паллас, қамал ескі қалашық орнының шығыс жағында салынды дейді. Бұл жерде ғалым қамалдың салыну бағытын шамамен айтқанға ұқсайды. Себебі 1784 жылғы Сарайшық қамалының топографиялық сипаттамасында, ол Жайықтан 95 сажен қашықтықта орналасып, ұзындығы 40, ені 32 саженге жеткендігі көрсетілген. Осыған қарағанда қамал қалашық қирандысының солтүстік шығысындағы Жайықпен арадағы 190 сажен болатын аумақта салынған. Бұл пікірді Алексеевтің жоспары да дәлелдейді [4].

Қазақ хандығына әкесі Керей ханмен бірге негіз қалаған Бұрындық хан мен Қазақ хандығын барынша кеңейтіп, нығайтқан хан Қасым неліктен Сарайшықты алғашқы Қазақ

мемлекетінің астанасы етті? Бұл сауалға жауапты төмендегі тұжырымдаулардан шығаруға болады: Біріншіден, Сарайшық шаһарының жайқалған жұғымды жайылымдары мен шәрбәттай дәмді, мөлдір сулы, өмірге қолайлы Жайық өзенінің бойына орналасуы; Екіншіден, Еуразияның ең төте, сондықтан да ең тиімді байланыстырушы шебіне ірге орнықтыруы; Үшіншіден, теңіздей толқыған, сан ғасырлар бойы ұрпақ үшін, ел үшін, жер үшін қиян-кескі арпалыспен күн кешкен көшпелілердің шаруашылық-тұрмыстық мүдделеріне сай; Төртіншіден, халықаралық мәнге, яғни, еуразиялық сауданың дамуы тек Қазақ халқына ғана емес, барша осы құрлықтарды мекендеушілердің экономикалық мүдделіктеріне орай; Бесіншіден, Сарайшық шаһары - Қазақ хандығына дейін-ақ, Алтын Орда мен Маңғыт жұртының даңқты хандары мен билерінің, мәңгіге топырақ бұйырып, жергілікті тайпалар мен рулардың имандылығы мен ата-баба аруағына бас иер қасиетті орталығы болуы. Міне, осындай Қазақ болмысы үшін аса мәнді Сарайшық қаласы Қазақ хандығының алғашқы астанасы болды - деген қорытынды жасауға болады.

Өйткені, қандай мемлекет болмасын, қай дәуірде де өз басшылары мен сыйлы тұлғаларына мәңгілік орынды астанасынан, яғни, мемлекеттің орталығынан әзірлеген. Бұған дәлел ретінде, сол дәуірдегі тарихшылар пікірлерін ескере отыра, кейіннен XVI ғасырдың аяғында Түркістанның Қазақ хандығының астанасы болғанынан кейін, Есім ханнан бастап Қазақ хандары мен зиялы билері, сұлтандарын Түркістанға, Ел ордаға жерлегендігін айтуымыз керек [5, 31 б.].

«Елбасының «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты терең ойлы философиялық еңбегінде: «Біздің бабаларымыз ғасырлар бойы ұшқан құстың қанаты талып, жүгірген аңның тұяғы тозатын ұлан-ғайыр аумақты ғана қорғаған жоқ. Олар ұлттың болашағын, келер ұрпағын, бізді қорғады. Сан тараптан сұқтанған жат жұртқа Атамекеннің қарыс қадамын да бермей, ұрпағына мирас етті», - деген [6].

Қазақстанның солтүстік өңіріндегі, Көкшетаудан жүз жиырма шақырым жердегі, Солтүстік Қазақстан облысының Айыртау ауданының аумағындағы ең бір еңселі әрі айбатты Қазақтың Қарасай батыры мен Ағынтай батырларға орнатылған мемориалдық кешені тарих беттеріне сіңген киелі мекен десе болады. XVII ғасырда Есім ханның туы астында атақты Шапырашты Қарасай мен Арғын Ағынтай батырлар қазақ жерін басып алуды ниет қылған жаудан елін қорғау үшін жарты ғасыр бойы ат үстінен түспеген. Қолының қарына найза іліп, ерінің жанына айбалта байлап, беліндегі садағы мен қылышын шешпей, жауынгершілікпен өткен қос батырдың ғұмыры еліне, жеріне деген сүйіспеншіліктің ерекше бір көрінісі. Олардың бір-біріне деген сыйластығы, достыққа адалдықтары да талайды тәнті еткен. «Қарасай мен Ағынтай батырдың арадан қыл өтпес достығы, – деп жазады Қазыбек бек Тауасарұлы өзінің «Түп-түқияннан өзіме шейін» кітабында: «Жан алып, жан беріп жатқанда да айырылмауы, біріне-бірі сақшы болып жүруі, ұрыста басы домалап қалмай, екеуінің де өз ажалынан өлуіне себепші болды...». Жоңғарларға қарсы қиын күрестерде Есім ханның әскерін он сегіз жасынан бастап Қарасай Алтынайұлы басқарса, арғынның Ағынтайы оның көмекшісі және адал досы бола білді. Үзеңгілес жандар екі жүзден аса қанды шайқасқа қатысып, заманында құрметтері асқақтап, есімдері аңызға айналып, ерлік істері бүгінге дейін жетті. Қос батырдың көп ерлігінің бірі – Жәңгір сұлтанды қалмақ тұтқынынан босатуы. Сол оқиғадан өрбіген аңыз олардың жүрек жұтқан батыр, айлакер жауынгер екендігін айқындай түседі [7].

1664 ұлу жылы наймандар мен жалайырларға шабуыл жасаған қалмақтардың бетін қайыру үшін болған соғыста екі дос та жараланады. Аяғынан жараланған Ағынтай ақсақ болып қалады. Қарасай батыр 1670 жылы егде тартқан шағында қазақ жеріне бейбіт өмір орнағанын көңіліне медеу тұтып, ұзақ жыл өзіне үзеңгілес болған досы Ағынтайдың мекен еткен Көкше өңіріне қоныс аударады. Бірақ көп ұзамай, келер жылы өмірден озады. Бір жылдан соң Ағынтай да қайтыс болып, досының қасына жерленеді. Көңілдері ортақ, жандары жақын қос батырға мәңгілік мекен де бір жерден бұйырады. Ел егемендік алып, тарихты ұлықтаудың уақыты жеткен кезде батырларымыздың есімі халқына қайтарылып, 1999 жылы 15 қазанда осы жерде алып мемориалдық ескерткіш ашылған болатын [4].

Елбасы жоғарыда аталған «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» еңбегінде былай деп жазды: «Туған жер» бағдарламасынан бөлек, біз халықтың санасына одан да маңыздырақ жалпыұлттық қасиетті орындар ұғымын сіңіруіміз керек. Ол үшін, «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары» немесе «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы керек. Әрбір халықтың, әрбір өркениеттің баршаға ортақ қасиетті жерлері болады, оны сол халықтың әрбір азаматы біледі. Бұл рухани дәстүрдің басты негіздерінің бірі» [6].

Міне, осы бір қағидаға сүйене отырып, Қарасай мен Ағынтай батырлардың мемориалдық кесенесінің алдағы уақытта «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары» немесе «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» тізіміне енгізілуге әбден лайықты екені белгілі.

Қорытындылай келетін болсақ, адам баласы үшін өмірде алтынға бағалап, айырбастауға келмейтін асыл байлықтарының ең бастысы - туған өлкең, оның тамыры терең тарихы мен мәдениеті. Ұлы Жаратушы қазақ баласының бағына, қазақ даласындай ұлы нығыметті тарту еткен. Қазақ даласы қойнына бар байлығын сиғызған, құт қонып, ырыс дарыған ұлы дала. Бұл қасиетті де қадірлі қазақ даласы.

Осындай қазақтың Ұлы Даласы киелі жерлерге толы. Ол жерлерді қадірлеп-қастерлеу - ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан дәстүріміз. Тамырлы тарихтың ақтандақ беттерін ашу, көмілген көмбелердің жұмбағын шешу, жер астында қалған ежелгі калалар, үйіктер мен бекіністерді зерттеу алда тұрған мақсат. Яғни, болашақ ұрпақ жалпыұлттық қасиетті нысандарды тану арқылы ұлттық бірегейлікті ұғынып, қазақ халқының сонау тас дәуірінен бері бір ел, бір халық ретінде қалыптасқан ел екенін санасына сіңіре алады. Осы арқылы тұтас тарихи сана, тарихи жады қалыптасады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Досжан Р., Әуелбекова А. «Киелі жерлердің рухани маңызы». //Егемен Қазақстан, 20 қараша 2018ж.
2. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. Бес томдық. 5 том. –Алматы: «Атамұра» баспасы, 2010. -688 б.
3. Амангелдіқызы Е. «Бегім ана» мұнарасына ер адамдарға неге баруға болмайды? // «Алматы-ақшамы» қоғамдық-саяси газеті, 30 қараша 2017ж.
4. Кипиев М. Сарайшықтың 1741 жылғы жоспары табылды. //Егемен Қазақстан. 17 наурыз, 2020ж.
5. Мұстафин Ж.Ж. Ортағасырлық Сарайшық. -Атырау: «Ағатай» баспасы, 2015. -177 б.
6. Н.Ә. Назарбаев. «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру». -Астана: «Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты», 2017. – 512 б.
7. Шапырашты Қазыбек бек Тауасарұлы. Түп-тұқиянымнан өзіме шейін. -Алматы: «Жалын» баспасы, 1993. - 416 б.

Ұлт ұясы, киелі мекен - Ұлытау

Құрманғали Әсел Бағданқызы

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы, докторант Смағұлов Н.Б.

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Ұлытау – Сарыарқаның оңтүстік-батысындағы тарихи шежіреге бай, қасиетті тау. Ең биік жері – Әулиетау. Ұлтымыздың сан ғасырлық тарихын бастан кешірген қасиетті жер болып саналатын – Ұлытау атауы қазақ арасында есте жоқ ескі заманнан бері кеңінен таныс. Ұлытаудың айрықша қасиеті туралы ұлағатты сөзді бұдан ата-бабаларымыз айтқан болатын.

Ұлытау – ұлтымыздың тарихи кіндігі. Бұған бір ғана дәлел – Сарысу өзенінің төменгі сағасындағы «Таңбалы тас». Тік жартастың бетінде барлық қазақ руларының дерлік таңбалары қашалған. Ел ішіндегі аңыз бойынша осы маңда Қазақ елінің шаңырағын көтерген